

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч.1.- Б. 209-213.

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЭТНИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Арипжанов Бахтиер, 1-курс студенті

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,

Астана қ.

Ғылыми жетекшісі:

Токсанбаева Т.Ж., ф.ғ.к., доцент

Әрбір халықтың жеке халық болып қалыптасуы үшін көптеген тарихи кезеңдерді басынан өткізуіне тура келеді. Бұл күрделі процесс бір немесе екі ғасырдың ішінде болмайды, халық болу үшін бірнеше ғасырларды керек етеді. Мысалы, Қазақстан жерінде халық болып құрылу процесі алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, одан кейін қола дәуірі мен (б.д.д. II-I м.ж. кезеңі) темір дәуірі (б.д.д. VII-IV) кезеңдермен, немесе бұл кезде өмір сүрген ру-тайпалардың өсіп-өркендеуінен басталады. Олар Қазақстанның ұлан-ғайыр территориясын ежелден мекендеген байырғы (автохонды) тайпалар мен тайпалар бірлестіктерінен құралған.

Қазақ халқының бастауы болып табылатын, сақ тайпаларының тікелей жалғасы болып үйсін, қаңлы тайпалары саналады. Оны қытай деректері «Өзі сары, көзі көк, ат жақты сә (сақ) тайпалары үйсіндердің арасында жүр» – деп көрсетеді [1].

Қазақ халқының шыққан тегі туралы көптеген аспектілері ішінен өзекті ретінде лингвистикалық және антропологиялық мәселелерін бөлшектеп алған жөн.

Ғұндардың біріктіруші рөлінің арқасында сырттан келген тайпалармен байырғы тұрғындардың этникалық жақындасуы іске асты.

Хандықтың құрылуына байланысты этникалық процестер жаңа даму кезеңіне аяқ басты. Бұл кезде қазақ тілінің негізі - әдеби қыпшақ тілі құрылып, сонымен бірге қазақтардың өзіне тән антропологиялық кескіні қалыптасты. Қазақ этногенезінде қыпшақтар этнос ретінде маңызды рөл атқарды, «Қазақ» сөзінің шығу тегінің өзі қыпшақтар мекен еткен аймақтарда пайда болды.

Бірақ, осындай сапырылыс кезеңде шығыстан кидандардың (қарақытайлардың) шапқыншылығы болып, Қарахан мемлекетінің жағдайы нашарлады. XIII ғасырдың басында енді дамып келе жатқанда моңғол шапқыншылығы басталды, сөйтіп халық болып қалыптасу процесі тоқталды.

Халық болып қалыптасу процесі XV ғасырға дейін, немесе 200 жылдай уақытқа кешеуілдейді.

Қазақстан жерінде қаншалықты жойқын шапқыншылықтар болғанымен халық болып қалыптасудың негізгі шарты тіл бірлігі жойылмады. Керісінше, уақыт өткен сайын моңғол – шапқыншылығының өздері жергілікті халықтың түркі тіліне, әдет-ғұрпына, салт-санасына көшіп XIV ғ. толық түркіленіп кетеді.

XIV-XV ғасырларда феодалдық қатынастардың нығаюы негізінде Моғолстан, Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасында толассыз тоқтамай жүріп жатқан феодалдық соғыстарға қарамастан, халықтар арасында өзара бірігу, топтасуға ұмтылу процестері белең алды. Қазақстанның ежелгі тайпалары тарихи-географиялық, экономикалық және саяси жағдайларына байланысты үш негізгі этникалық шаруашылыққа топқа бөлінді. Олар: Ұлы, Орта және Кіші жүз. Ұлы жүз Сырдариядан бастап Жетісу жерін түгел жайлайды. Оның құрамына үйсін, қаңлы, дулат, албан, суан, сіргелі, ысты, ошақты, шапырашты, жалайыр, шанышқылы, қатаған т.б. ру – тайпалар кіреді. Орта жүз Орталық Қазақстан аудандары мен Солтүстік – Шығыс Қазақстанның бір бөлігін қоныс етеді. Оның құрамында қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, уақ, тарақты тайпа – рулары бар. Кіші жүздің мекені – Сырдарияның төменгі жағы, Арал теңізінің жағалауы, Каспий ойпатының теріскей бөлігі. Оның құрамындағы тайпалар одағы - Әлімұлы (қаракесек, қарасақал, кете, төртқара, шөмекей, шекті); Байұлы (адай, алшын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, есентемір, қызылқұрт, шеркеш, ысық, таз, масқар); Жетіру (табын, тама, кердері, жағалбайлы, керейт, төлеу, рамадан). Жүздердің ұйымдасқан уақыты, қалай құрылғаны әлі жете зерттелмеген [2].

Әрбір жүздің тайпалары жалпы шаруашылық мүдделер негізінде топтасқан, өз шекарасында экономикалық жағынан оқшауланған еді. Олардың тілі, материалдық тұрмыс мәдениеті жөнінен басқа жүздердің тайпаларынан ешбір айырмашылығы болған жоқ. XV ғасыр қарсаңында бұл тайпалар түрік тектес халық болып топтасты да, кейінірек «қазақ» деген этникалық ортақ атауға ие болды, сөйтіп халықтың қалыптасу процесі негізінен аяқталады. Бірақ ол кейбір себептерге байланысты кешеуілдеп барып іске асты. Оған қазақ халқының этникалық құрамына кірген тайпалардың бірнеше мемлекет құрамына енгені, кейбір жеке тарихи қалыптасқан бөлшектердің бытыраңқылығы себеп болды. XIV-XV ғғ. көптеген жұрттың көшіп-қонып, сапырылысуы орын алды.

XV ғ. – II жартысы мен XVI ғ. қазақ халқының негізгі этникалық территориясын мемлекет етіп біріктіру, халықтың да қалыптасу процесінің аяқталуын тездетті.

XV ғ. – II жартысынан бастап, қалыптасқан халық өздерінің көршілері арасында «қазақ» деген атпен белгілі болған.

Қазақ этнонимінің туу тарихы ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің қызу талас тақырыбына айналады. Кейбір деректерде бұл термин әлеуметтік мәнінде қолданылған «қашақ» деген атаудан шықты деп есептейді. Немесе «қазақ» атауы Жәнібек пен Керей бөлініп көшіп кеткен рулық одақтарды

білдіру үшін бастапқы кезде «өзбек-қазақ», кейін «қазақ» [3] деп аталған дейді.

Республикадағы мәдени әртектіліктің жоғары деңгейі, тұрғылықты халықтардың полиэтникалық және поликонфессионалды құрамы, әсіресе орыстар мен қазақтардан және мұсылмандар мен православтардан тұратын биэтникалық және биконфессионалды құрылымның басымдығы. Әсіресе, соңғы жағдай этносаралық дау-жанжалдарды тудырмау мақсатында мәдениетке қатысты мемлекеттік саясатта ішкі саяси тұрақтылық пен азаматтық татулық, мәдени плюрализм бағытын ұстануға мәжбүрлейді. 1995 жылы құрылған Қазақстан Халықтары Ассамблеясының үшінші сессиясында елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқы жаңа этникалық қауым еместігін, әртүрлі ұлттардан құралған азаматтардың саяси қауымдастығы екендігін, дамудың қазіргі кезеңінде мәселенің осылай қойылуы ғана бірден-бір дұрыс бағыт екендігін атап өтті. Бұл объективті қалыптасқан жағдайларға байланысты қабылданған саяси бағдар «Қазақстан халқы» деген ұғымды тудырып, этникалық бірліктен гөрі азаматтық және саяси бірліктің, мемлекеттік бірегейліктің дәл сол уақыттағы басымдылығын алға тартты. Руханият саласында өзіндік бірегейліктің қалыптасуы үшін оның мәдени-дүниетанымдық парадигмасы ретінде, Ұлттық идеяның қажеттілігі туралы қоғамдық пікір де кеңінен сөз болды. Мұның төңірегінде әр алуан пікірлер де ұсынылды: «Еуразияшылдық», «Қазақстан – жалпы біздің үйіміз», «Еркіндік түбі бірлікте», «Іштесу», «Атамекен» және т. б. «Жоғары идеясыз адам да, ұлт та өмір сүре алмайды» деген Ф.М. Достоевскийдің сөзін еске ала отырып, бүгінгі күннің сұранысына жауап беретін, адамдардың ішкі рухани болмысымен астасып жататын, жалпыхалықтық қолдауға ие болатындай біріктіруші идеяның жоқтығын мойындауға тура келді. Ешқандай идеология, ешқандай символ, институт немесе құндылықтар әлеуметтік мозаиканы біріктіруші элемент ретінде қызмет ете алмағанын айта кету керек. Ол уақыт ішіндегі республика азаматтарының көңіл-күйлерінің алмасуы мен өзгерістерінің амплитудасы келешекке деген үміт пен күдіктің аралығында алмасуда.

Қазіргі таңда дүниежүзінің басым елдерінде тән полиэтникалық қоғамдарда мәселелерінің бірі болып этника аралық, конфессия аралық қарым – қатынастар мәселесі жаһандық сипатқа ие болып отыр. Полиэтниалық, полимәдениеттік қоғамда конфессия аралық қатынастар саласында дінаралық байланыстың рөлі арта түсуде. Сонымен қатар, осындай түрлі әлеуметтік - мәдени, этникалық, діни процесстер орын алып отырған қоғамда жеке тұлғаның алдында маңызды мәселе - діни идентификация мәселесі тұр.

Қазақ ұлты – қандастықты негіз етіп, ру-тайпа, арыс, ұлыс сияқты үлкенді-кішілі қауымдастықтардан құралған халық. Ата-бабаларымыз «Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз» деп туысқандықты, қандастықты, береке мен сыйластықты дәріптеп келген. Қазақтың дәстүрлі шежіресінде ата-текті қуып еркек кіндікті, қандастықты, туысқандықты негіз етіп шежіре таратып, үш жүзге кеңейтіп тұтас бір ұлттың ататек шежіресін

калыптастырады. Исі қазақ баласы бір-бірімен кезіккенде «Қай жердің адамысың?» деп сұрамайды, «Қайсы елсің?» деп сұрайды. Бұлай ата-жөн сұрау ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүр. Қазақ баласы өз ұрпақтарына жеті атасын білу тәрбиесін жүргізіп отырған. Бұл қазақ қоғамының барлық мүшесі білуге тиісті парыз. Әрбір қоғам мүшесі жеті атасын білмеуді ұят, арнамыс деп білген, тек ата-ана тәрбиесін көрмеген, жетім болмаса жеті атасын білуге тиіс деп санаған. Халқымыздың жеті ата тәрбиесі – жеті атасының атын айтып берумен бірге өз жеті атасының ата-мекенін, өріс-қоныстарын, елге аты кең жайылған би-шешен, шежірешілерін, батырларын, ақын-жырауларын, таңба-ұрандарын, салт-дәстүрін айтып беретін әліппелік сауаты болуды талап етеді. Қазақ халқында ежелден келе жатқан дәстүрлер өте көп. Солардың біреуіне тоқталайық.

Той малы (дәстүр). «Жүз жылқы той малына кетіпті» (М.Ж.Көпеев). Келін алуға келген қадірлі құдалар ел дәстүр салты бойынша сән салтанатымен, жөн жосығымен келіп түседі. Бұл жолдың кәде жоралары да көп болады. Соның ішінде ең басты кәдесінің бірі осы топқа арнайы әкелген « той малы» деп аталатын жолды дәстүр [4]. Бұған әр құда өз дәулеті мен шамасына қарай жылқы немесе бірнеше қой әкеледі. Күйеудің абырой, беделі осы кәдеге де байланысты болады. Бұған қымбатмата, бұйым, жеміс, қант, шәй да қосылады.

Айтыс - [ауыз әдебиетінде](#) ежелден қалыптасқан *поэзиялық жанр*, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Айтыс — синкреттік жанр, ол *тұрмыс-салт жырларынан* бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. Айтыста осыған орай *лирикалық*, *эпикалық*, *драмалық* сипаттар мол ұшырасады. Сол арқылы бұл жанр ауыз әдебиетінің өзге түрлерімен қанаттаса дамып, бір-біріне елеулі әсер-ықпал жасап отырған. Батыр және лиро-эпос жырларына да әсерін тигізіп, өзі де арнасы кең мол салаға айналған.

Қазақ халқының музыкалық мәдениетінің басты символы әрі ұлы аспабы домбыра екендігі сөзсіз. Онсыз бірде-бір шара өтпейді. Көшпенділер заманында да, қазіргі заманда да солай. Шертпелі, екі ішекті аспап түрлі мамандық иелерінің, діні мен ұлты басқа жандардың басын қосады. Домбыраның күмбірлеген дыбысы терең ой-толғауларды сөзден артық жеткізе алады.

Аңыз әңгімелер - *халық ауыз әдебиетінің жанры*. Оқиғасы шындық өмірден алынғанымен, ауызша айтылып таралғандықтан, фольклорлық сапалармен толыққан көркем шығарма. Қазақ халқының оқиғасын шындық өмірден алып ауызша шығарған көркем шығармаларының бір саласы – аңыз әңгімелер. Аңыз әңгімелер тарихта болған белгілі бір адамдардың атына, іс-әрекетіне байланысты туады.

- Топономикалық аңыздар - жер-су аттарына байланысты аңыздар болып есептеледі. Мұндай аңыздарға Бурабай, Баянауыл, Қарағанды, Жекебатыр, Шайтанкөл, Екібастұз т.с.с. жер аттарымен байланысты аңыздар жатқызылады.

- Махаббат хикаялар - аңыздарда ғашықтар сезімі жайлы жазылған. Мұндай аңыздар көбінесе ғашықтардың қайғысымен, өлімі немесе айрылысуымен аяқталады. Махаббат хикаяларына Зарина ханшайымның, Айша бибі арудың, Балқаш қыздың бастарынан өткерген уақиғалары жатады.

- Батырлар туралы аңыздар-бұл аңыздар елдің батыр ерлері, олардың ерліктері жайлы. Осы аңыздар қатарына сақ патшайымы Томирис, Отанын қорғау жолына өз өмірін құрбан еткен бақташы Шырақ жайындағы аңыз-әңгімелерді жатқызамыз.

- Тарихи аңыздар-тарих бетінде өшпес із қалдырған шынайы аңыздар тобы.

Өтпелі кезеңдегі болмысымыздың ең көкейтесті мәселелері – ұлттық үндестіктің мән-маңызы неде, қазіргі Қазақстан үшін мәдениетке қатысты үлгінің қандайы қонымды, біздің ұлттық санамыздың арқауы неде, қазіргідей жедел құбылатын заманда «Мен» дегізгерлік ұлттық қасиеттерді қалай сақтап қалуға болады деген сұрақтарды тарихтың тұңғышымен тамырластырған елбасы Н.Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында» еңбектерінің мәдениеттанымдық құндылығының жоғары екендігін ерекше атап өтуге болады [5].

Дербестікке қол жеткізгеннен кейінгі Қазақстанда қалыптасқан мәдени ахуалдан, оның көпұлтты және алуан дінді сипатынан, мәдени дамудағы дәстүр мен жаңашылдық, ұлттық мәдениет пен жалпы адамзаттық мәдениет, төлтума мәдениет пен батыстық өркениет, дәстүрлі рухани құндылықтар мен өркениеттік нарықтық құндылықтар, тәуелсіз сана мен адам болмысындағы отаршылдық пен тоталитаризм қалдықтарының, заман талабы мен мәдениет келешегінің арақатынастарынан туындайтын қазіргі қазақстандық мәдениеттің дамуындағы негізгі бағдарлар мен қайшылықтарды анықтау 1990 жылдар әдебиеті мен ғылымындағы зерттеудің негізгі мақсаты және ізденістің басты бағыты болды. Аталмыш тақырыптарға орай ғылыми әлемдегі пікірлерді ескере отырып, мына төмендегі мәселелердің мейлінше өзекті болғандығын аңғаруға болады: республикадағы автохтонды халық – қазақтардың дәстүрлі этномәдениетінің басты архетипін анықтау. Осыған сәйкес оның дәстүрлі дүниетанымының, ұлттық сипаттамалары мен ментальдық ерекшеліктерінің, рухани салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының бітімдік ерекшеліктерін талдау және сипаттау; заман талаптарымен қатар ішкі-сыртқы ықпалдардың нәтижесінде дәстүрлі мәдениеттің өзгеру кезеңдерін анықтау. Қазақ мәдениетіндегі дәстүр сабақтастығы мен жаңашылдық арақатынасын талдау; өтпелі қоғам тұсында жаппай батыстық ықпал мен бұқаралық мәдениет тегеурінінің дәстүрлі мәдениетке әсерін, оның салдарларын айқындау; қазіргі заманғы қазақстандық мәдениеттің ерекшеліктері мен қайшылықтарын, оның себеп-салдарларын сараптау; қазақстандық қоғамның мәдени әртектілігінің сипатын, мемлекеттік мәдени саясаттың таяу және стратегиялық бағдарларын анықтау; жаңа постиндустриалды ақпараттық қоғамда ұлттық мәдениетті дамытудың келешектері мен бағдарларын сараптау.

Қазақстан мәдениеті әлемдік өркениет пен жалпыадамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде өзіндік табиғи-ландшафттық жағдайларда – ерте кезден Батыс пен Шығыс мәдениеттерін байланыстырып келген Еуразияның орталық территориясындағы Ұлы дала аймағында қалыптасты. Орталық Азияның халықтары мен ертедегі тайпаларының палеолит, қола дәуірлерінен бастап мәдени дәстүрлері жаһандық жалпыадамзаттық заңдылықтардың динамикасы ағымындағы социомәдени процестерді бастан кешіріп, номадизмге тән көшпелі мал шаруашылығының ықпалымен қалыптасты. Кейінірек толық құралып біткен жергілікті, төл дәстүрлер әртүрлі шекаралас, жапсарлас жатқан халықтар мен елдердің мәдени ықпалын бойына сіңіре отырып, қазіргі мәдениеттанымдық теориялық тұрғыдағы зерттеулерді талап ететіндей күрделі және біртұтас феномен – дәстүрлі этномәдениетті дүниеге әкелді.

Сонымен бұдан шығаратын қорытынды, этнос – тарихи қалыптасқан адамдардың тұрақты қауымдастығы, ол тілдің, территорияның, шаруашылық және мәдени өмірдің, психикалық гомогендік жүйенің бірлігімен ерекшеленеді. Этностың қалыптасуына географиялық, әлеуметтік, социобиологиялық және экономикалық факторлар ықпал етеді. Осы факторлардың әсері мен қоршаған ортаға бейімделудің және осыларды өндірісте қолданудың нәтижесінде ортақ тіл, мінезқұлық, әдет-ғұрып, тұрмыстық және психикалық сипаттамалар құралады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ауызша тарихнама [Текст]: - Элем, -37 б.
- 2 Адалбақан. [Текст]: - Алматы, 229. -230 б.
- 3 The evolution of word formation series in the French language [L'évolution des séries de formation de mots en langue française], http://www.xlinguae.eu/issue-n_4_2022.html.
- 4 Мәдениеттану [Текст]: жоғарғы оқу орнындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. Алматы: Раритет, 2005. - 416 б.
- 5 Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография [Текст]: З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. - 375 б.